


БЕКІТЕМІН
ШҚО білім беру
басқармасының басшысы


Жумадиллова С.А.

БЕКІТЕМІН
«Алтай-Атлет
кәсіби спорт клубы» ЖШС


Сейсембеков А.Р.

БЕКІТЕМІН
Дене шынықтыру және
спорт басқармасының басшысы


Можанов А.Б.

КЕЛІСІЛГЕН
«ШҚО ФЛА» БҚ
директоры


Д.С.Рыпаков

ALTAU KIDS CUP
ЖАРЫСЫНЫҢ ФИНАЛЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

**ALTAU KIDS CUP
ЖАРЫС ФИНАЛЫН
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 1) Шығыс Қазақстан облысында жеңіл атлетиканы насихаттау.
- 2) ШҚО жалпы білім беретін мекемелердің ең мықты оқушыларын жарыстарға қатысуға тарту, дарынды балаларды іздеу және қарау.
- 3) Өткізілген жарыстардың нәтижелері бойынша жеңіл атлетикамен жүйелі түрде шұғылдануға дарынды балаларды тарту.

2. ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ

Жарыстар 2018 жылғы 4-5 қарашада Өскемен қаласында өткізіледі. Келу күні 2018 жылғы 3- қараша. Өкілдерімен техникалық кеңес 3 қараша сағат 17:00. Жарыстың басталуы: 4 қараша сағат 10: 00. Ашылу салтанаты 2018 жылғы 4 қарашада.

**3. ALTAU KIDS CUP ЖАРЫСТАРЫНЫҢ ФИНАЛЫН ӨТКІЗУГЕ
БАСШЫЛЫҚ**

Жарысты өткізуге дайындық бойынша жалпы басшылық «Алтай-Атлет кәсіби спорт клубы» ЖШС-не және «ШҚО ЖАФ» БҚ жүктеледі. Жарысты өткізу бекітілген төрешілер бригадасына жүктеледі.

4. КОМАНДА ҚҰРАМЫ

Командадан (аудан немесе ШҚО қаласы) әр жас санатында 6 спортшы жіберіледі (3 ұл, 3 қыз бала – 18 адам).

5. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

Жарыстар жеке-командалық. Дене шынықтыру және спортпен айналысуға қарсы көрсетімдері жоқ, ALTAU KIDS CUP жарыстарының 2 кезеңі барысында іріктеуден өткен, белгіленген жас топтарындағы, ШҚО аудандары мен қалалары спортшыларының командалары қатысады. Спортшылар бағдарламаның барлық түрлерін орындауы тиіс, олардың нәтижелері бойынша ALTAU KIDS CUP финал жеңімпаздары анықталады.

6. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ЖАС ТОПТАРЫ

Жарыс бағдарламасы:

- 1) доп лақтыру 150 гр.
- 2) жүгіру 60 м.
- 3) кеңейтілген итерілу планкасынан жүгіріп ұзындыққа секіру (60 см)

Жас топтары:

- 1) 2007-2008 ж. т. ұлдар мен қыздар
- 2) 2005-2006 ж. т. ұлдар мен қыздар
- 3) 2003-2004 ж. т. ұлдар мен қыздар

7. ТАПСЫРЫСТАР

Жарысқа қатысушылар қатаң және міндетті түрде Астана уақыты бойынша 2 қараша күнгі 23:59 дейін sport.vko-athletics.kz интернет порталында тіркелуі тиіс.

Дәрігердің рұқсат қойылған атаулы өтінімдер қағазға басылып, 3 қараша күнгі сағат 15:00 бастап 17:00 дейін төрешілер алқасына өткізіледі.

Анықтама телефондары:

+77778582331 – Кукин Павел Иванович Главный жарыс төрешісі.

+77058616484 – Устьянцева Ольга Викторовна: Команда өкілдері жарысқа қатысушыларды тіркеу сұрақтары бойынша хабарласа алады.

8. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Жарысқа қатысушыларды іссапарға жіберу бойынша барлық шығындарды (жол жүру, жарыстарды өткізу мерзімінде тұру, тамақтану) іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау, баспа, марапаттау, жарнама өнімдерін дайындау, кеңсе шығындары, төрешілер бригадаларының жұмысына ақы төлеу "Алтай-Атлет кәсіби спорт клубына" жүктеледі.

8. ALTAU KIDS CUP ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер (1-3 орын) бағдарламаның әрбір түрінде әрбір жас тобында тиісті дәрежедегі Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталады:

1 орын – Samsung смартфон.

2 орын - SONY сымсыз Bluetooth колонкасы

3 орын – Xiaomi Mi band сағат-фитнес білезік